

Жеткіншек кезінде туындайтын қиындықтар
Садыкова Самал Келимбева
Педагог-психолог. Еңбекшіарал ауылындағы орта мектеп КММ

Әр жас кезеңінің өзіне тән ерекшеліктері мен қиыншылықтары болады, жеткіншек шақ та адам өмірінің бір ажыратылмас кезеңі болып табылады.

Жеткіншек кезең – балашлық шақтың ең ауыр жән ең күрделі кезеңі болып табылады, өйткені бұл кезеңде бала балалық шақтан тұлға болып қалыптасады және ересек кезеңге ауысады.

Адамның ары қарай өмірі оның жеткіншек кезеңінде туындайтын қиыншылықтарын қалай меңгергеніне байланысты болады.

Жеткіншек кезеңінің сипаттамалары. Жеткіншек кезең – тұлға болып қалыптасудың бір кезеңі. Жеткіншек кезеңі шамамен 11 жастан 17 жасқа дейін созылуы мүмкін, яғни осы жас аралықтарында адам ересек тұлға болып қалыптасады.

Егер де баланың жыныстық дамуы 11-12 жасында қалыптасса, онда жеткіншек кезеңі 2-2,5 жасқа созылуы мүмкін. Егер жыныстық даму кезеңі 15 жастан кейін басталса, онда жеткіншек жас кезеңі 5-6 жылға созылуы мүмкін. Яғни, баланың жыныстық дамуы неғұрлым ерте басталса, оның жеткіншек жас кезеңі соғұрлым аз уақыт ішінде аяқталады.

Жеткіншектік күйзеліс адам өміріндегі ең қиын кезеңдердің бірі болып табылады, дегенмен бұл кезең, яғни уақытша болып табылады. Жеткіншектер басқа жас шақтарына қарағанда, әлеуметтік тұрақсыздықтан, елдегі экономикалық және моральдық жағдайдан зардап шегеді. Өйткені жеткіншектер бүгінгі таңға қажетті құндылықтары мен идеалдарын жоғалтып алады, ал жаңа құндылықтары мен идеалдары әлі қалыптаспаған болады. А.Е.Личконың айтуы бойынша жеткіншектің жеке басы дамуының аса маңызды факторы – оның өзінің ауқымды әлеуметтік белсенділігі; ол белгілі бір үлгілер мен игіліктерді, үлкендерден және жолдастарымен, ақырында өзіне қанағаттанарлық қарым-қатынас орнатуға (өзінің жеке басы мен өзінің болашағын және ниетін, мақсаты мен міндетін жүзеге асыру әрекеттерін жобалау) бағытталады. Алайда жаңаның қалыптасу процесі біраз уақытқа созылады және көптеген жағдайларға байланысты болады. Осы себепке байланысты “өтпелі кезеңнің” жүруі әр балада әркелкі болуы мүмкін. Мұның өзі, бір жағынан, жеткіншекте «балалық» пен «ересектіктің» қатар болуымен ал, екінші жағынан, сол бір ғана паспорттық жастағы жеткіншектерде ересектіктің түрлі жақтарының даму дәрежесіндегі елеулі айырмашылықтардың болуымен анықталады.

Жеткіншек жас кезеңінің негізгі сипаттамалары болып келесілер табылады:

- Адам психологиясы мен физиологиясының интенсивті өзгеруі;
- Адам физиологиясының жылдам қайта қалыптасуы, яғни қаңқасының өсуі, бұлшықетінің дамуы және де бұл өзгерістер әрдайым пропорционалды бола бермейді;
- Эмоционалды өзгерістер (депрессиялар, көңіл-күйінің тез ауысуы);

Жеткіншектер әке-шешесінің өмірлік тәжірибесі мен бағалауларын қабыл алудан жиі бас тартады. Өйткені ол өзіндік тәжірибе алуды, өзіндік қателіктерді жасауға және оларды дұрыстап, өз қателіктерінен сабақ алуды қалайды.

Жеткіншек кезеңде туындайтын проблемалар.

Өзінің сыртқы түріне қатынасы.

Жеткіншек кезеңінде адам өзінің сыртқы бет-әлпетіне ерекше көңіл бөле бастайды. Бұл – адам ағзасының жылдам өсуі мен қайта қалыптасуына байланысты. Аталмыш өзгерістерге байланысты адам өзінің бет-әлпетіндегі өзгерістер мен кемшіліктерге ерекше көңіл бөліп уайымдай бастайды. Өзіндік жаңаша «Мен» қалыптасады. Соынмен қатар адам денесінің пропорционалдылығы, бет-әлпетінің және терінің дұрыс еместігі, қимылдаудың ыңғайсыздықтар қалыптасып келе жатқан тұлғаның өз-өзіне сенімсіздігін, кемшілік сезімін, оқшаулануын туындатады.

Жеткіншектің өзінің сыртқы бет-әлпетіне қарым-қатынасынан туындайтын проблемалар барлық жеткіншектерде кездеседі. Ең көп кездесетін проблемалардың бірі артық салмақ проблемасы болып табылады, әсересе қыздар арасында. Бұл кезеңде жеткіншектер тұтынатын тағам көлемін азайтады, ал кейбіреулері тіптен тамақ ішуден бас тартады. Мұндай кезеңде ата-аналардың қолдауы өте қажет.

Жеткіншектің өзін-өзі бағалауы тұрақсыз:

ол өзін бірде гений, бірде елеусіз санауы мүмкін. Кез келген елеусіз оқиға жеткіншектің өзіне деген қарым қатынасын түбегейлі өзгертуі мүмкін. Жеткіншек жасында өзіндік бағалаудың негізгі функциясы баланың іс әрекеті мен мінез құлық реттеу болып табылады. Өзіндік бағалауы жоғары болған балада сын көтермеушілік шектен тыс ренжігіштік айқын байқалады. Реніш сезімі дамыған балаға қоршаған орта оған әділетсіз түрде қарағандай көрінеді. Ал өзіндік бағалауы төмен балалар қарым қатынаста қандай қиыншылықтармен қақтығысады. Өзі туралы мен бақытсызбын, әдемі емеспін, жолым болмайды деп санайды. Мұндай жағдайларда көбінесе мінез акцентуациясының педанттық типі анық байқалады және мазасызданудың деңгейі жоғары болады. Олардың көңіл күйі төмен, қапалы тұйық күйін қалыптастырады.

Құрдастарымен қарым-қатынасы

Жолдастарымен қарым-қатынас жеткіншек үшін ерекше құндылыққа ие болады, маңыздылығы соншалықты ата- ана, туыстарымен қарым-қатынастардың тартымдылығын едәуір азайтып, оқулардың өзін екінші қатарға қояды. Сыныптастарымен қарым-қатынастарындағы қолайсыздықтар, жақын жолдасының, досының болмауы немесе достарының одан ажырасып кетуі барынша күйзелтіп, баланың жеке басының драмасы деп қабылданады. Жеткіншек үшін ең қолайсыз жағдай- ұжымның, жолдастарының оны шындап кінәлауы, онымен қарым-қатынас жасағысы келмеуі болады, ол ең ауыр жаза өзіне ашықтан-ашық немесе жасырын байкот жасауы болмақ. Өзінің жалғыздығын сезіну жеткіншек үшін төзгісіз, ауыр жағдай.

Агрессия

Балалардың агрессивті мінез құлқы мен өзіндік бағалауының арасында маңызды байланыс бар. Адамның өзіндік бағалау деңгейі ішкі нормативті реттеп отырады. Егер әділетсіз шабуыл жасаса яғни субъектінің ар намысына тисе, онда агрессия балалардың өзінің ар намысын қорғауға бағытталады. Кейбір зерттеулер бойынша агрессияның төмендеуі – өзіндік бағалау процесімен жанама түрде байланысты болғанының көрсеткіші. Агрессия сферасын анықтаушы нормативті стандарттар, балалардың агрессивтілік әрекетін дағдыланған түрде реттеп отырмайды. Балалардың мінезіндегі стандартты өзіндік бағалау әрекеттері болуы үшін, субъектінің зейіні соларға бағытталуы қажет. Яғни ”объективті өзін тану” жағдайы болады.

Өзіндік бағалау агрессиялық мінез құлыққа бегілі бір ерекшеліктер әкеледі және көп жағдайда тұлғааралық қатынасқа ішкі әсерленулер мен эмоциялық реакциялары, әрекет пен іс әрекет мотивациясын анықтайды, өзін және басқаларға деген не оң, не теріс қатынасты құруға негіз болады.

Жеткіншектер тәрбиесі, бірінші кезекте, олардың физиологиялық дамуына байланысты белгілі бір қиындықтар туғызады, бұл олардың танымдық процесіне және тәрбиесіне ықпал етеді. Жеткіншектердің физиологиялық даму ерекшеліктерін және бұл ерекшеліктердің баланың жетілуінде көрініс табуын, жақсы ортаның, мектеп ұжымындағы достары мен жолдастарының болуын ескере отырып дұрыс ұйымдастырылған тәрбие арқылы және отбасындағы жағдайы арқылы жеткіншектің жеке тұлғасын қалыптастыруға педагогикалық басшылықтың шамасы жетеді.

Демек, осы жастағы оқушышармен жүргізілетін жұмыстың маңызды міндеті тәрбиешілердің мектептегі және мектептен тыс кездегі балалардың әрқайсысымен жеке жұмыс жүргізіп, қажетті әдептілікті сақтай отырып, педагогикалық ұстамдылық пен шыдамдылыққа негізделген қызметтерін дұрыс ұйымдастыру болып табылады. Жеткіншектер өмірінде, әсіресе, 9 сыныпта, яғни, толық орта білім алу жолына тандау жасайтын кезде, олардың бойында әртүрлі мамандықтарға, мектеп пәндерінің ішіндегі белгілі бір пәнге деген қызығушылығы пайда болады.